

"Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы № 71 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 264 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 4139 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 349 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 349 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі Кодексінің 505-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 21-бабының 4) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы № 71 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3462 тіркелген, 2012 жылғы 21 желтоқсандағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің № 162-163 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

шешімнің кіріспесіндегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына, 387-бабына" сөздері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі Кодексінің 505-бабына" сөздерімен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген, Қағидада:

2-тармақтың 12) тармақшасында "қоқыс шығаратын мердігерлік ұйым" сөздері "орындаушы" сөзімен ауыстырылсын;

6-тармақта "мердігер-кәсіпорындар" сөздері "заңды және (немесе) жеке тұлғалар" сөздерімен ауыстырылсын;

8, 9, 10, 28, 29, 34, 45, 74, 86 және 89-тармақтарда "кәсіпорындар", "кәсіпорындармен", "кәсіпорынның" сөздерін "заңды және (немесе) жеке тұлғалармен" сөздерімен ауыстырылсын;

12, 15-тармақтарда "кәсіпорындар" сөзі "заңды және (немесе) жеке тұлғалар" сөздерімен ауыстырылсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Санитарлық нормаларға сәйкес іргелес жатқан аумақтарды, оларға көшелерден кіретін жолдарды тазалау және күтіп ұстауды бөлінген аумақта орналасқан меншігінде және пайдалануында құрылыстары бар тұлғалар өз күштерімен немесе шарт бойынша заңды және (немесе) жеке тұлғалармен жүргізеді.";

19-тармақта "мердігер кәсіпорындар" сөздері "заңды және (немесе) жеке тұлғалар" сөздерімен ауыстырылсын;

40-тармақта "қоқысты тазартатын кәсіпорындармен жасалған шарт бойынша" сөздері алынып тасталсын;

43-тармақта "қоқыс жинайтын кәсіпорынмен" сөздері "заңды және (немесе) жеке тұлғалармен" сөздерімен ауыстырылсын;

73-1-тармақ мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"73-1. Ғимараттардың және құрылыстардың қасбетіне инженерлік жабдықтардың элементтерін (деректерді қабылдау антенналарын, ауаны қалыпқа келтіру жүйелерін) орналастыру нысанның жалпы сәулет келбетіне жағымсыз әсер келтірмеу керек";

82-тармақта "кәсіпорын" сөзі "тұлға" сөзімен ауыстырылсын;

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Қоқыс шығаруды жүзеге асыратын, заңды және (немесе) жеке тұлғалармен шарт жасамай, барлық меншік түріндегі ұйымдарға, жеке кәсіпкерлерге тұрғын үй аудандарында орналасқан қоқыс қораптарын пайдалануға рұқсат етілмейді.";

97-тармақта "шығару жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындармен" сөздері "шығаруды жүзеге асыратын, заңды және (немесе) жеке тұлғалармен" сөздерімен ауыстырылсын;

101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"101. Құрамында сынап бар, пайдаланудан шыққан газ разрядты шамдарды, сондай-ақ аккумуляторлық батареяларды қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонына шығаруға жол берілмейді, оларды осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген жайларда сақтау және кәдеге жарату үшін мамандандырылған субъектілерге тапсыру қажет.";

104-тармақта "мердігер кәсіпорынмен" сөздері "заңды және (немесе) жеке тұлғалармен" сөздерімен ауыстырылсын;

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Жолаушылар көліктері аялдамасында орналасқан қоқыс қораптарды аялдамаларды жинауды жүзеге асыратын заңды және (немесе) жеке тұлғалар, ал сауда нысандарында орнатылған қоқыс қораптарды меншік иелері тазартады және залалсыздандырады.";

115-тармақта мемлекеттік тілде өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"өкілдерін" сөзінен кейін "шұғыл түрде" сөздерімен толықтырылсын;

116-тармақта мемлекеттік тілде өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"бойынша" сөзінен кейін "шұғыл түрде" сөздерімен толықтырылсын;

119-тармақта мемлекеттік тілде өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"желілер иесі болып табылатын кәсіпорынмен" сөздері "желілердің иелерімен" сөздерімен ауыстырылсын;

121-тармақта "2001 жылғы 30 қаңтардағы" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті"

Мемлекеттік мекемесінің директоры

М. ИТЕҒҰЛОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

Б.ПІРІМБЕТОВ